

Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 250-IV "Облыстық (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 шілдедегі № 299-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 шілдеде № 2950 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына және Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 93 "Атырау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 15 мамырдағы № 125 "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидасы туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысын қарап, V шақырылған облыстық мәслихат кезектен тыс XXIII сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 250-IV "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидасын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2555 тіркелген, 2009 жылғы 1 желтоқсанда "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

"Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру мемлекеттік тілдегі қағидасында:

мемлекеттік тілдегі мәтінінде 14-тармақтағы "село" деген сөз "ауыл" деген сөзбен ауыстырылсын.

Орыс тіліндегі мәтіні өзгертілмейді.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Т. Мұқатанов) жүктелсін.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*С. Дүйсенғалиев
С. Лұқпанов*